

Сәкен қазактың мақтанышы



Биыл Жаңаарқа және де бүкіл қазақ елі үшін мақтанышқа айналған, сұлулықтың символы болған, дауылпаз ақын, жазушы, мемлекет әрі қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдық мерейтойы.

Сәкен қазақтың қайталанбас тұлғасы, біртуар перзенті. Жазушылар Одағы президиумының мүшесі болып сайланған.

Өмір атты теңізде қолдарына қалам алып дүние сырына тоймай тамсана жазған талай дана адамдар болды. Өмірге жұлдыз болып келетін, халықтың еркесі, халық жүгін көтеретін дара адамдар, дарынды жандар азғантай. Бірақ қазақ әдебиеті поэзия әлемінде әлемдік деңгеймен

салыстырғанда 20 ғасырда кенже қалған емес. Керісінше өзінше жаңа қырымен дами бастады.

Қандай марғасқа, жаны жайсаң адамдар өмір сүрді сол кезеңде. Әр ақынның өз келбеті, өз жан дүниесі болады. Егер ақынға сезім мен сұлулықты, қосып берген жағдайда одан нағыз шедевр дүниелерді күтуге болады. Қазақтың маңдайына біткен Сәкен Сейфуллин дәл сондай сері адам болатын.

Міне, биыл Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толып отыр. Сәкен Сейфуллин сегіз қырлы, бір сырлы. Жерлес ақынымыз әдебиеттің үш жанрында қалам тербеген. Сәкенді біз ақын, жазушы, драмашы, сазгер, қоғам қайраткері дейміз. Поэзия, проза, драматургия саласында біраз еңбектерін қалдырды.

Тарихи тұрғыда, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе алып берген Сәкен Сейфуллин екенін ұмытпайық. Өйткені қазақтың арғы-бергі тарихында мәселені Сәкендей мемлекеттік деңгейде қойған қазақ қайраткерлері болған емес.

Сәкен Сейфуллин - Жаңаарқа елінің символы, сапалық эталоны іспетті. Кітапханамызда жыл сайын Сәкеннің туған күні аталып өтіп, іс-шаралар өткізіліп, естеліктер айтылады.

Арайлым ЖАНАТҚЫЗЫ,

**С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі
ақпараттық-библиографиялық бөлім кітапханашысы**